

6. Малкова Т. Электронное правосудие: новые технологии в судебной системе. – М.: Издательство "Юридическая литература", 2020. – 124 с.

Тыныштық Ғ.Қ.

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті заң факультеті 1-ші курс студенті.
(Ғылыми жетекшісі – Байжанова К.Т., з.ғ.м., аға оқытушы)*

ЖАСТАРДЫҢ ДІНИ-ЭКСТРЕМИСТІК КӨЗҚАРАСТАРҒА БОЙ АЛДЫРУЫНЫҢ СЕБЕПТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫМЕН КҮРЕСУДІҢ ЖОЛДАРЫ ТУРАЛЫ ӨЗІНДІК КӨЗҚАРАС

Еліміздің Ата заңында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады» - деп көрсетілген [1]. Сондықтан, қоғамдық өмірдің барлық салалары аталған қағидатты ұстануға тиісті. Дегенмен, әлеуметтік ортада зайырлы қоғамның талаптарынан бас тартып, өзіндік ұстанымдарымен жастардың санасын улап жатқан әр түрлі теріс пиғылды, заңсыз әрекеттерді байқаймыз. Діни-экстремистік ұйымдардың жастарымызға әсері күннен күнге артуда, сол ұйым мүшелерінің сөздеріне иланып қоғамға қарсы әрекетке баруға ниеттеніп отырған жастар да жоқ емес. Дәстүрлі исламға қарсы шығып, қоғамдық ортада теріс пікір қалыптастыру және жақтастар жинау әрекеттері де қылаң береді. Сондықтан, жастар қауымының өкілі ретінде өзіндік пікірімді білдіргім келеді.

Ғылыми мақалада Қазақстан Республикасы аумағында өмір сүретін азаматтардың діни сауатсыздығының себептерін талдау, жағымсыз салдарын анықтау және жастарды теріс ағымға бой алдырудың алдын алу жолдарын көрсету мақсаты қойылады.

Аталған мақсатты жүзеге асыру үшін ресми құжаттарға сүйене отырып, алдымен Қазақстанда теріс ықпалын тигізіп отырған діни-экстремистік бағыттарға шолу жасауды жөн санадық. Қазіргі кезеңде елімізде заңсыз деп танылған 20-ға жуық діни-экстремистік ұйым бар екендігі мәлім. Олардың арасынан еліміздің қоғамдық тыныштығына тікелей нұсқан келтірген бірнешеуіне сипаттама бере кетейік:

1. «Асбат аль-ансар» ұйымы өзінің негізгі мақсаты ретінде Ливан мен Сирияны батыстық ықпалдан қорғау және Ливан мен Сириядағы соғысқа адамдарды тартуды көздейді. Өкінішке орай, ұйымның теріс ықпалына иланып біздің де азаматтарымыз Сириядағы әскери қақтығыстарға заңсыз қатысқандығы белгілі.

2. «Шығыс Түркістанның исламдық партиясы» Қытайды террористік әдіспен қирату және «Шығыс Түркістан» атты ислам мемлекетін құру мақсатын көздейді [2].

3. «Халифат сарбаздары» ұйымы Қазақстан аумағында кәпірлерге қарсы жихад отын тұтату мақсатын көздейді [3].

Діни-экстремистік ұйымдардың аттары әртүрлі болғанымен олардың басты мақсаты бір – азаматтарды жихадға, яғни соғысқа шақыру болып табылады. Олардың аудиториясы 15-27 жас аралығындағы жасөспірімдер мен жастар болып табылады. Неліктен жасөспірімдер деп ойлап қарасақ, қазіргі таңда жасөспірімдердің дінге деген қызығушылығы жоғары деңгейде және олар кез-келген үгіт-насихатқа икемді, қандай ақпарат болмасын олар барлығын жеткілікті деңгейде бағалаусыз сіңіріп алады.

Жастардың діни-экстремистік топтарға кіріп кетуінің себептерінің бірі ретінде ата-әже институтының, яғни ата-әже тәрбиесінің әлсіздігін атап кетсек болады. Ойлап қарасақ, теріс ағымдардың дамуы ерте кезден бастау алады, бірақ та, бабаларымыздың заманында бұл мәселе өзекті болған жоқ. Неліктен бұлай деп қарасақ, ол замандағы ата-әже тәрбиесі жоғары деңгейде болды, жас балалар кез-келген дінге қатысты сұрақтардың жауабын, ата-әжесімен сөйлесе отырып табатын. Олар дана, ақылды, парасатты болатын, ата-әже тәрбиесін көрген балаларға ерекше құрметпен қарайтын. Әр бір үйде парасатты ата-әже мен сол кісілердің тәлім-тәрбиесін алған әке-шеше болғанда, баланың теріс ағымға түсуі мүмкін емес болатын.

Қазірде жастар үшін ең жақыны және ақылшысы ата-әже мен әке-шеше, жасөспірімдер көкейінде жүрген сұрақтарды ата-әжесі мен әке-шешесіне қояды. Көп жағдайда ата-әжелері мен әке-шешесі діннен хабары төмен болғандықтан немесе тіпті дінге қарсы болғандықтан жасөспірім қойылған сұрақтарына жанашырларының арасынан жауап таппайды. Тіпті кей жағдайда балаларының көкірегін өртеп бара жатқан сұрақтарын баланың тек кішігірім қызығушылығы ғой деп назар аудармайтын жағдайлар да болып жатады.

Жастар жақындарынан жауап таппағасын жауапты сырттан іздейді. Мысалыға алсақ, ғаламтор. Қазір ғаламтор желісі дамыған заман, жасөспірімдер діни-экстремистік ұйым мүшелерінің уағыз-насихаттарын емін-еркін тыңдай алады, ал олардың айтатыны батырлық, тағдыр мәселесі және сен ерекше бір миссия үшін туылғансың деген сипаттағы уағыздар болып табылады. Осылайша жастар діни-экстремистік ұйым өкілдерінің айтқандарына уланып, сол ұйымдардың бір мүшесі болып кетіп жатқандығын байқамай да қалады.

Сонымен, жастардың діни-экстремистік ұйымдарға кіріп кетуінің бірнеше факторлары көрсетілген:

1. Ата-әже, әке-шеше тәрбиесінің әлсіздігі, отбасында балалардың діни сауаттылығына назар аудармау;

2. Жасөспірімдердің және жастардың қызығушылығы пен эмоциялық факторлар;

3. Қоғам мүшелерінің діни сауатсыздығы;

4. Ғаламтордағы экстремистік сипаттағы уағыздардың әлі де болса толық бұғатталмауы.

Жастардың діни-экстремистік ұйымдарға кіруінің жағымсыз салдары:

1. Жастар «Міне нағыз ақиқат осы, ал бұнымен келіспегендер адасқандар, олар мен үшін жау» деген секілді идеологияны өзіне сіңіріп, сол нәрсені басқаларға насихаттап бүлік туғыза бастайды. Бұл «Халифат сарбаздары» атты діни-экстремистік ұйымның 2011 жылы 31 қазанда Атырау қаласында болған оқиғадай, яғни жарылыс туғызуына және адам өліміне алып келуі мүмкін [3].

2. Теріс идеологияны сіңірген соң бұл идеологиямен келіспейтін қоғамдағы адамдарды, өзінің жауы санап қоғамдық тыныштықты бұзып жататын кездер аз емес, тіпті намаз оқымадың деп бағып қаққан ата-анасын қарттар үйіне өткізіп жатқан жайттарды да байқап жатамыз. Бұның барлығы зайырлы мемлекеттің қоғамдық құрылымына теріс ықпал етеді және мемлекеттің жалпы ұстанымына қарама-қайшы келеді.

3. Теріс идеологияны сіңірген жастар өз халқының құндылықтарын аяққа таптап, дінге жат ұғымдар ретінде қарастырып жатқан жағдайлар да кездеседі. Тарихтағы ұлы тұлғаларымызды адасқан деп жала жабу, пікірлерін жоққа шығаруға тырысу да байқалады. Ата-бабамыздан мұра болып келе жатқан салт-дәстүрлерімізді харам деп, кей жағдайда сол дәстүрлерімізді мазақ қылып жатқанын да байқап жатырмыз.

4. Сирия және Ливан секілді әскери қақтығыстар болып жатқан мемлекеттерге қазақ жастарының кетуі. Мысалға алсақ, 2019 жылы әскери қақтығыс болып жатқан аумақтардан ел азаматтарын елге қайтару жұмыстары бойынша Сыртқы істер министрінің орынбасары Ержан Ашықбаевтың мәлімдемесіне сай «Әскери қимыл жүріп жатқан аймақтардан Қазақстанның 600-ден астам азаматы Отанына оралды» [4]. 2019 жылдың 7 және 9 мамыр күндері Сириядан 231 Қазақстан азаматы елге жеткізілді, оның 156-сы – балалар, дені мектеп жасына дейінгілер, соның ішінде 18-і – жетім балалар [5]. Абырой болғанда қандастарымыз аман-есен елге оралған болатын, ал бірақ сол жерде қаза тапқандар мен қазір де Сирияға кетіп жатқандардың саны қаншама.

Ендігі жерде, жастардың діни-экстремистік ұйымдарға кіруінің алдын алуға қатысты өзіндік ұсыныстарымызды анықтайтын болсақ:

1. 1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық дауыс беру жолымен қабылданған қолданыстағы Қазақстан Республикасының Конституциясында мемлекетіміздің ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары – деп көрсетілген. Мемлекетіміздің ең басты қазынасы адам болғандықтан, Қазақстан азаматтарының діни-экстремистік ұйымдарға кіріп кетуінің алдын алуға мемлекет тікелей атсалысуы керек деп есептеймін. Жасөспірімдердің және жастардың діни сауаттылығын қалыптастыру үшін

мектептегі жоғары буын оқушыларына, колледж білім алушыларына және жоғары оқу орындарының студенттеріне «Дінтану» пәнін енгізу ұсынылады. Ескеретін жәйт: Қазақстан Республикасы зайырлы мемлекет болғандықтан, азаматтар мен азаматшалар өздерін христиан, иудаизм немесе т.б. ресми танылған діндермен байланыстыратын болса, дінтанушы мамандар сол дін бойынша түсінік беруі қажет, ислам діні бойынша, «Қазақстан Мұсылмандық діни басқармасы» бекіткен Ханафи мектебі бойынша жалпы түсінік берілуі қажет.

2. «Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, діни бірлестіктер өздерінің қалауы бойынша діни әдебиетті, діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды сатып алуға және пайдалануға құқылы» - екендігі белгілі [6]. Дегенмен, діни әдебиетті, діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тек қана ғибадат үйлерінде (ғимараттарында), діни білім беру ұйымдарында, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары арнайы белгілеген тұрақты үй-жайларда таратуға жол берілуі отандық заңнамада бекітіліп қойылған. Қазақстан Республикасының аумағына діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды әкелуді дінтану сараптамасының оң қорытындысын алғаннан кейін тіркелген діни бірлестіктер ғана жүзеге асырады. Аталған нормалардың отандық заңнамада нақты бекітіліп қойғанына қарамастан, ғаламтор желілері арқылы заңсыз үгіт-насихат жұмыстарының жүргізіліп жатқандығы да мәлім. Сондықтан, ғаламтордағы діни-экстремистік сипаттағы уағыздарды бұғаттау қажет, тек қана ютуб, вконтакте, тик ток желілерінде ғана емес пираттық сайттардағы діни-экстремистік сипаттағы уағыз-насихаттарын бұғаттау шараларын күшейту қажет.

3. Қазақстан Республикасының азаматтары бұл мәселенің өте ауқымды екенін және жәйбарақат қарауға болмайтынын түсінуі қажет. Қазір олар ата-бабаларымыз ұстанған дәстүрлі исламды жоққа шығарды, «алланың өзі де рас, сөзі де рас, рас сөз ешуақытта жалған болмас» - деген Абайды адасқан деп жатыр, алдағы уақытта кім біледі, ана-тілімізге де қатысты ойға симайтын пікірлер айтып, бұл тілде сөйлеуге болмайды деуі де ғажап емес. Сондықтан, балаларымыз немесе дос-жарандарымыздың діни-экстремистік ұйымдарға деген қызығушылығын байқасақ, дабыл қағуымыз қажет және оларды барынша дұрыс жолға салуға тырысуымыз қажет деп есептеймін.

Қорыта келе, діни-экстремистік ұйымдар жастарымызға біз ойлағанымыздан қарағанда екі есе артық ықпал етіп жатыр. Бұрын олар тек өз көзқарастарымен өмір сүріп жүре берген шығар бірақ қазір олар ұйымдасқан, басшылары мен мақсаты бар ұйым сондықтан бұл мәселеге көз жұма қарауға мүлдем болмайды. Артқа үңілсек діни-экстремистік ұйымдардан тартқан зардабымыз аз емес, демек өткеннің қателігін жасамас үшін осындай ұйымдардың көзін жоюға барынша амал жасауымыз керек.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі:

1 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда қабылданған // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_

2 Қазақстан Республикасы аумағында тыйым салынған діни ұйымдар <https://aigak.kz/2016/07/21/kakie-terroristicheskie-organizatsii-zapreshchten-v-kazahstane/>

3 Майтанов А. «АЖ» анықтамасы: «Халифат сарбаздары» деген кімдер? <https://azh.kz/kz/news/view/1829>

4 Илиясов Р. «Жусан операциясы» Сирияда азаматтардың қалып кетуіне жол бермейді <https://adyrna.kz/post/27554>

5 Сирияда қалған Қазақстан азаматтарының саны нақтыланды https://kaz.inform.kz/news/siriyada-kalgan-kazakistan-azamattarynyn-sany-naktylandy_a3525733/

6 Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-IV Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000483>